

БӨЛІМ: ИНФОРМАТИКА

Бағалау бөлшектері

ЖАРИЯЛАНДЫ
01.07.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/15395/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Дауенов Бақыт Орынбасарұлы

*Ойлау жолы, бұл-ең жақсысы, ұқсау жолы, бұл-жеңілі,
жеке тәжірибе жолы, бұл-ең ауыры.*

Конфуций

Қазіргі қоғамдаорын алып отырған күрделі әлеуметтік және экономикалық өзгерістер халықтардың дамуына әсер етеді. Отандық білім беруді жаңғырту өзгерген ортаның жаңа бәсекелі жағдайларында адамның ішкі әлеуетін басқадай қолдануды талап етеді. Білім беру ұйымының бәсекеге қабілеттілігі – бұл сапалы білім беру. Мектептің инновациялық қызметі бәсекеге қабілеттілік механизмі болып табылады. Оқушылардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталған педагогтердің кәсіби біліктілігінің нәтижесінде оқушылар тұлғасын қалыптастыруға болады.

Білімберуді жаңаша ұйымдастыру:

- Білім беру үдерісінің мазмұны мен технологиясын жетілдіруге бағытталған инновациялық қызметті жүзеге асыру;
- Стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру;
- Педагогикалық теория мен іс-тәжірибенің заманауи талаптарына сай, тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің білімге деген сұраныстарын қанағаттандыруға қабілетті білім сапасын қамтамасыз ету;
- Педагогтердің кәсіби жетілуін қамтамасыз ету болып табылады.

Осыған орай, басымдық ретінде алынған мақсаттарды жүзеге асыруда төмендегі міндеттер орындалуы тиіс:

- Педагогикалық басты мәселелерді анықтай отырып, ұжымның шығармашылық күш-жігерін біріктіру;
- Пән мұғалімдеріне теориялық және әдістемелік көмек көрсету;
- Білім беру мазмұнына сәйкес мұғалімдердің кәсіби машықтарын жетілдіру;
- Оқу-тәрбие жұмысының формалары, әдістері мен құралдарын алға қойылған мақсаттарға сәйкес оңтайлы таңдау, қолдану технологиясы;

Осыған байланысты мектеп басшылығы сабақты қалай мейлінше тиімді оқыту керектігін, оған қол жеткізу үшін мұғалімдерге қандай көмек қажет екендігін білуге тиіс. Төмендегі басқару құрылымын жүзеге асыру арқылы мектеп басшысы мұғалімдердің біліктілігін жетілдіруге көмектесе алады. Мұғалімнің күнделікті жұмысы шығармашылық сипатқа ие болып, қуаныш пен шабыт көзіне айналуы тиіс. Сондықтан әрбір шығармашыл ұстаз өзінің тәжірибесін талдап, қорытындылап, ой елегінен өткізіп отыруы керек. Озық педагогикалық технология – бұл оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде ұстаздың, басшының кәсіптік педагогикалық біліктіліктерін өз бетімен жетілдіруге тұрақты түрде жоғары нәтиже көрсететін педагогтер шеберлігі. Қазіргі кезде педагогтің негізгі қызметі – оқушының білім алуына ықпал ету. Оқушылар жиынтығынан құралған ашық білім беру ортасын қолдану арқылы білім беруді сапалы түрде жүзеге асырылады. Мұғалім жеке оқушыға немесе бүкіл топқа арналған білім беру ортасын ұйымдастырады. Сапалы білім беру – жеке тұлғаның қалыптасуы, өз бейнесін, қайталанбас даралығын, руханилығын, шығармашылық бастамасын тануы. Жеке тұлғаны дамыту, оны іс жүзінде таныту, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі қорғау, өзін-өзі тәрбиелеу механизмдерін қалыптастыру, оның адамдармен, табиғатпен, мәдениетпен, өркениетпен татулықта және ынтымақтастықта өмір сүруіне көмектесуге ықпал етеді. Өзіміз білетіндей, мектепте білім сапасын арттыру мұғалімдерден басталады. Ұстаз – білім беру жүйесіндегі бала үшін ең маңызды тұлға. Педагогтің кәсіпқойлығы, оның біліктілігі, тұлғалық даму деңгейі, көзқарасы, үдерістер, көбіне білім беру үдерісінің өзін анықтайды.

Жаңа форматты мұғалім – бұл рефлексияға бейім, өзіндік даму мен өзін іс жүзінде көрсетуге ұмтылушы, біліктіліктің әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік-тұлғалық, коммуникативтік, ақпараттық түрлеріне ие рухани-адамгершілікті, белсенді-жасампаз, шығармашыл тұлға.

Өз бетімен білім алу арқылы оқушылардың белсенділігі артады және білімі кеңейеді, рухани дамуындағы кемшіліктері жойылады.

Сабақтың әдістемелік деңгейі дегеніміз – бұл мұғалімнің сабақ жүйесін түсінуі, меңгерілетін материалдың нақты ерекшеліктерін ескеруі, оқушының білім алуына мүмкіндік беретін элементтер жиынтығы.

Жаңа педагогикалық технологиялар мұғалімдердің кәсіби рөлдерінің ауқымын

кеңейтеді, ол нәтижесінде үйлестірушіге, ұйымдастырушыға, көмекшіге, кеңесшіге айналады. Психологпен, әлеуметтік педагогпен, әдіскермен және басқа да мамандармен командада жұмыс істейді. Олар мұғалім мен оқушы әрекеттестігінің ерекшелігімен қоса, білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің ерекшелігін өзгертеді.

Білім саласындағы өзгерістер біздің мектепке де оң ықпалын тигізуде. Мектеп тарапынан Кембридж бағдарламасына негізделген оқыту курстарынан 10 мұғалім өтті. III деңгей бағдарламасын меңгерген 6 мұғалім, II деңгей бағдарламасын меңгерген 2 мұғалім, I деңгей бағдарламасын меңгерген 1 мұғалім оқушы көшбасшылығын дамытуға байланысты іс-тәжірибесін жалғастыруда. Мектеп мұғалімдеріне оқыту мен оқудағы жаңа әдістерді меңгерту мақсатында оқыту семинарларын, коучингтер мен менторингтер өткізіп, мектептің оқыту жүйесіндегі өзгерістерге өз ықпалымды азда болса тигізудемін. Мектепте қауымдастық құру бүгінде ең қажетті және жаңалықтың бастысы болып отыр. Мұғалімдерде қоғамдастық не үшін қажет?-деген сұрақ туындауы шартты нәрсе. Оқу бағдарламасы бойынша жаңасаясат мақұлданды делік. Мұғалімдерді олардың оқытуы неге негізделуі керек екендігі туралы ақпараттандырылады. Олар аталған саясатты іске асырып, бұл бағыттағы міндеттерді шешу жөнінде ақпарат іздеп, тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Оларға ынтымақтастық жасап, өзара қолдау көрсету қажет. Мұғалімдер жалпы қиындықтармен кездесіп, өздерін оқшау қалғандай сезінуі мүмкін. Олар өздерін моральдық тұрғыдан орнықты сезінуі үшін бір-бірімен хабарласып, өзіміздің жалғыз еместігімізді білу мақсатында құрылған кәсіби қауымдастық арқылы олар өздерінің бұл ортақ іске қатыстылығын сезінеді. Қоғамдастықта өзара байланыс жасау арқылы олар жалпы іске өз үлесін қосқандығын медеу тұтып, өздеріне деген сенімдері әлдеқайда артады.

Қазіргі қоғамдағы басшы – жеке көзқарасы бар, соған қарай жігерлі тұлға, зерттеушілік, ойшылдық, шығармашылық қасиеті бар, осы қасиеттері арқылы өз бетінше оқып, ізденіп кеңейтілген білім алуға үйрете алатын маман болуы керек.

Білім үдерісінің нәтижелі болуы мұғалімдердің оқушы өздігінен меңгеріп, таныта білген білім дағдыларымен амал көзқарастарына зейін қойып, зерделей білген білім модельдері аясында ғана жүзеге асырылады. Мұғалім оқушылардың зерсалып тыңдауын сақтап қалу мақсатында жұмыс үдерісін барынша күрделі және әртүрлі болуын қадағалайды.

Инновациялық үрдістің өмірге келуі қоғамдағы әлеуметтік сұраныстар мен білім жүйесіндегі білім берусаясатының нәтижесіне себеп болады. Білім берусаясатының мәні, мақсаты білім беруісін замана талабына сай ізгіліктендіру, білім алу кеңестігін кеңейту, оқыту пәндерінің мазмұнын үздіксіз тереңдету, оқыту үрдісіне мұғалімнің жаңаша көзқараста болуын қамтамасыз ету, сабаққа ғылыми ізденіс элементтерін ендіру, әрі осы аталынған іс әрекеттерді оқушылармен бірге күнделікті іске асырып отыру.

Мұғалімде ұйымдастырушылық, құрылымдық, бейімділік, сараптамалық қабілет болуы шарт. Ол сонымен қоса ұлттық құндылықтарды яғни, этнопедагогика, этнопсихология негіздерін меңгеру қажет. XXI ғасыр — бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұхият қарайтын дәуір.

Мұғалімнің басты мақсаты — қоғамның сұранысына лайықты ізгілік қасиеттерді бойынасіңірген тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Ізгіліктің нұрына бөленген ұлы ұстаз Әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп сонау бірінші мыңжылдықтаайтқан ұлағатты сөзінің мәні де осында жатыр.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.